

84K237
А 97



жастық
шак
жырлары

Ертай
Ашбікбаев

Қос мен



Ermau
Aublkbaef



Қос мең

ӨЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМА

I ПОЭМА

Дибепат = итанхана
Зуевтайз
оргалык
агарот
индегт
нэж
агарот-мен
иш
набзынтан
изданын
Зуевтайз
26. IV 2008



АЛМАТЫ «ЖАЛЫН» 1988


84 Қаз 7—5
А 97

Пікір жазған — *Аманхан Әлімов*

А $\frac{4702230200-43}{408(05)88}$ 170—88 84 Қаз 7—5

ISBN 5—610—00170—6

© «Жалын» баспасы, 1988



БІРІНШІ БӨЛІМ

Қызыл тулар

Жолға шықтың,
Кезікті қарт, сәби де.
Міне, ауыл,
Танысың жоқ, әрине.
Батыл басып барасың сен сол кезде
Төбесінде Қызыл Туы бар үйге.

Сол үйдегі ал...
Ол — дос, жолдас, ол — тума,
Басылады жүректегі толқу да.
Осы ауылдың кіршігі жоқ пейілі
Сақтаулы тұр желбіреген сол Туда.

Қызыл Туға қараған шақ күліп қыр
Есімізде.
Сақтайды сол ғұрыпты ұл.
Қызыл Тулар —
Сейфтерде ұстауға
Хақымыз жоқ баршаға ортақ мүлік бұл.

Қызыл Туға қараған шақ күліп Ер
Жадымызда.

Ұмытпайды тірілер.

Қызыл Тулар — биік мұрат белгісі,
Қызыл Тулар жоғарыға ілінер.

Қызыл Туға қараған шақ ең алғаш
Әлі есте.

(Естелікке кең арна аш!)

Қызыл Тулар желбіреп тұр, желбіреп,
Қызыл Тулар ешқашан да демалмас.

Елге келу

Жоламаған ұл — жатбауыр,
Сөзді сылтаумен бояма.
Көк түтіні де тәтті ауыл
Көп келмесіңе қоя ма?

Жаңалық емес ол да аса,
Емес бұл және тосын із.
Келу мен кету болмаса
Не өзгертеміз осы біз?

Қонысымыз ол қайырлы,
Бар көмегіміз қолдағы —
Ақындардай сол байырғы
Жарысып жырлау... болғаны.

Бүгін де тағы жыр ектім,
Көркіне елдің болсын сән.
Жалауы осы жүректің,
Қайтейін, қомсын

қомсынсаң.

Парақтап ылғи көремін
Шыққан кітапты баспадан —
Ақын біткендер өлеңін
Елін жырлаудан бастаған.

Нұрландым осы араймен,
Жарасар бәрі ізгі елге.
Жырлаймын елді талай мен,
Сұрайын соны сізден де.

Сол ауыл бізге ұлы айбын,
Шаңырақ қой ол құрулы.
Жырлауды елді сұраймын,
Сұраймын келіп тұруды.

Тіршілік

Қатарда жүрсем несі мін
Қарапайым сол қалпымда?
Елден асқан жоқ есімім,
Дүрілдеген жоқ даңқым да.

Құлаған қышын қорғанның
Қоғамым үшін қозғадым.
Пайдаға асарын қолға алдым,
Жамап-жасқадым тозғанын.

Айлыққа еркін ілікті,
Қолында барға мәз бала.
Қорына бейбітшіліктің
Қаражат қостым аз ғана.

Кітабын берді бір ағам,
Үйге барған соң оқырмын.
Кеңсемде қылмыс — күнәдан
Тап-таза болып отырдым.

Қолдадым жасы кішіні
Мақтадым ептеп еңбегін.
Көңілсіз тұрған кісіні
Жылы сөзіммен емдедім.

Айта беремін несін мен,
Жүремін осы қалыппен.
Елден аспаған есіммен,
Дүрілдемеген даңқпен.

Тыныштық

Жазылды өлең, жазылды, бір іс бітті,
Бітетіні күтімім дұрыс тіпті.
Мен қағазға үңілсем,

Келіншегім

Үй ішінде сақтайды тыныштықты.

Осынысы ұнайды маған мына:
Түтіндетіп шыжғырмас тағамды да.
Ыдыстарды жумайды салдырлатып,
Жылатпайды жылауық баламды да.

Күйіндім бе, жоқ әлде, шарықтадым,
Қабағымнан тұрады танып бәрін.
Болғаныммен жас ақын... мен де өзімше
Жыр жазғанда ойлаймын халық қамын.

Аянам ба артқасын елім сенім,
Ойымызды түсірем менің, сенің.
Сол себепті мен өлең жазғанымда
Тыныштықты сақтайды келіншегім.

Көз алдыма келседі жайнап белдер,
Жанды сөзге толады жай дәптерлер.
...Біз де бір сәт тыныштық сақтайық та
Ойлағанда Жер камын қайраткерлер.

Жасыл толқындар

Қайтадан түлеп қазанат
Көпсіді көк су мұз қылғып,
Қара шағырдан тазалап
Қарынын жердің қыздырдық.

Өзгерді желдің мақамы,
Көк судың беті көп ирек.
Барылдап қонып жатады
Түстіктен келген көк үйрек.

Ұйқыда, әлде, ояу ма?
Таситын шығар тас қайнар.
Жайқалған жасыл бояуға
Бастарын тықты аш қойлар.

Көктемгі екпін күй-Адай
Тамырың талай солқылдар.
Сорғышқа тамған сиядай
Жайылды жасыл толқындар.

Шалғын

Ойында бөтен пиғыл болмағасын
Жыртуға хақы бар ма жолдамасын?
Өзенді игеруге келгендерді
Жаратпай қалды бірден сол нағашым.

Сол жазда жаңа әнге ел құлақ түрді,
Көп көрдік бульдозерлі тракторды.
Көк шалғын өсіреміз деп әлгілер
Өзенді қу тақырға бір-ақ бұрды.

Жатқанда кешке олар қонаға кеп
Нағашым күйін-пісіп болады әлек.
Үйіне кірсе, шықса күңкілдейді:
«Табаны ауған өзен оңа ма?» — деп.

Етін жеп, үнді шайын құйып ішіп
Жүрген шал кетті елмен жиі ұрысып.
Күні өткен көнеңізден
Жаңалықтың
Түтіні тұрды солай биік ұшып.

Көп өтті содан бері...
Соқсам мұнда
Тақыр жоқ,
Өзі де енді жоқ шалдың да.
Толқын жүр сылдыр қағып дәл іргеде.
...Бейіт тұр сәл жете алмай көк шалғынға.

Құмдағы ауыл

Ысқырына соғады тағы дауыл,
Құм көшеді...
Көшкін бұл ағыны ауыр.
Дуылдайды мектепті аяқтаған
Балалары кентқұмар шағын ауыл.

Домалатып толқынын, сырғанатып,
Өзек болар өзен жоқ жырға да түк.
Бір совхоздың ең үлкен бір фермасы
Бара жатқан секілді құмға батып.

Осы ауылға мен көмек бере алам ба,
Не жазық бар жан өлке, Жер-Анамда?!
Мақтанады жерлестер:
«Бұл ауылда
Өсті бастық...
Ер жетті генерал да...»

«Бұл ауылда...»
Әрине,
Бәрін білем,
Бірақ әлі көңілсіз әнім кілең.
Көк шалғынның жұпарын жеткізе алмас
Құм үстіне төселген қалың кілем.

Толғанамын байыптап, бақылап та,
Бөлме кезем, ойлаймын жатып ап та.
Оралмайды стекке енді гүлдер,
Толтырмайды ауланы жапырақ та.

Қалың құммен биіктей береді ылди,
Көкейімнен кетпейді неге бір күй?
Ып-ыстық құм күйдірген табанымды
Жусан басып суытқым келеді ылғи.

Таныс әуен

Шалғын су-су. Жанарын шылап тұр күн,
Жауып қойдым әйнегін трактордың.
Жездем отыр қасымда,

Ыңылдайды,
Ыңылына амалсыз құлақ түрдім.

Жабырқаймын жоспарым толмай әлі,
Жауынды боп тұр мына соңғы ай әрі.
Әуеніне жездемнің құлақ түрдім,
Сол баяғы әні бұл,

Сол баяғы.

Шалғын су-су... бір кезең келді қиын,
Оңайлана қоймас-ау енді күйім.
Жездем отыр қасымда, әнге басып:
«Көрмедім Гурьевтей жер биігін».

Ренішін сейілткен кескіні бұл,
Таныс әнді тағы да естіді іңір.
Иә, жездемде маза жоқ, ыңылдайды,
Әлдилей ме есті сыр, ескі ғұмыр?

Кездерде де кешкі той таңға ұзаған,
Айтатыны осы-ақ ән,
Жалғыз-ақ ән.

Өзгерте алған жоқ оны еш ансамбль,
Өзгерте алған жоқ оны сәнді заман.

Жездекемнің осы-ақ ән бар білері,
Жарытып та айтпайды әңгімені.
Орала ма ойына осындайда,
Гурьевтің біз білмес сәнді реңі?

Ыңылдайды ырғағын олқы қылмай,
Нұрланғанын көргем жоқ көркі мұндай.
...Шалғын су-су, жел соқса желпінеді
Гурьевтегі Жайықтың толқынындай.

Шал мен кемпір

Сан салалы өмірдің өткелдері
Сол маңайға соқтырып өткен мені.
Ойыл деген өзеннің жағасында
Шал мен кемпір тұрады көптен бері.

Жетпіс деген қызыққа құмар шақ па?
Оятпассың айқай сап, ұран сап та.
Шал мен кемпір тұрады, неге екенін,
Орталықтан шалғайда,
Тым алшақта.

Өтіп жатыр таныс қыс,
Таныс көктем,
Ай, Күн күліп қарайды ғарыш көктен!
Әңгіме етіп қояды жалғыз қызды
Ұзатылып жат жұртқа алыс кеткен.

Халқымыздың кең пейіл салтын бағып,
Қонақ келсе жүреді жарқыл қағып.
Көк өзенге шал әлі ау салған жоқ.
Ұстаған жоқ және де алтын балық.

Бақыт іздеп барған жоқ жер түбіне,
Қармап алды кәрілік дерті, міне.
Алтын балық шал әлі ұстаған жоқ,
Бола алған жоқ бекзада кемпірі де.

Алтын балық...
Ал оның керегі не?
Бекзадалық...
Ол және береді не?
Шаршағанда шал-кемпір сүйенеді
Туған елдей тіреніш — терегіне.

Сыйлайды елдің ырысын,
Сыйлайды әнін,
Құмар көзбен қарайды қимай бәрін.
Почташы әкеп береді пенсияны,
Совхоз жөндеп береді үй-жайларын.

Заман солай,
Жаңармай тұра ала ма,
Мың түрленді құба бел, құла дала.
Кемпір-шалды өзгеше жырлады деп
Пушкин жолдас кінә артпас бұл арада.

Сымға қонған құстар

Бауына шақыруға болмай мәзір,
Тірліктен теріп алып толғай ма жыр?
Буынсыз билеп келіп, түйдектеліп
Қонады сым үстіне торғай қазір.

Безеніп бір бояумен, бір түспенен
Білгендей болатынын бұл тұс төмен,
Бой созып безілдесе,
Көңіліңнің
Түкпірі нұрланады күн түспеген.

Әуенін сол құсымның тыңдадың ба,
Жоқ қайғы,
Жоқ бұрынғы мұң да мұнда.
Жарасы жүрегінің жазылардай
Жоғары вольт үстінде тұрғанында?

Көрсеттім не талайын көмектің мен
Дауысы талған кезде демеп бірден.
Құстары бұл ауылдың
Жылы жаққа
Ұшады қуат алып электрден.

Жылымык

Жылы желдің түрі бар бетін бұрар,
(Шуақ келсе, ызғарың не тындырар?)
Тоңазытқыш ішіне қойылмай қап
Еріп жатқан сары май секілді қар.

Қарқылдады қарғалар, хорға тұрды...
Қардын суы іркіліп жолға тұнды,
Ауырсына бастады қасқа бастар
Басқа басқа қимайтын ондатрды.

Арасына маусымның қақпа сына,
Десең де ел жетті осы шаққа асыға.
Бастап кетер егісті,
Алғашқы доп
Кіргенінше «Қайраттың» қақпасына.

Балалық шаққа саяхат

1. БӨБЕКТЕР ХОРЫ

Жұпар далам,
Жан өлкем,
Желекті елім!
Бұл туралы айтуым керек менің.
Естисің бе,
Сырнайлы сахнада
Ән салып тұр хорменен бөбектерің?!

Гүлге толып көк жасыл ірге кілең,
Күн сөнбесін деп тілеп жүрген ұл ем.
Бөбектерім хорменен ән салып тұр
Арналғандай соларға жүлде кілең.

Жүрегімді жұбатты шырайлары,
Мүмкін емес олардың мұңаймағы?!
Балғын көмей төгілткен ән — бұлақтың
До,
Ре,
Ми,
Фа,
Соль,
Ля,
Си —
шын айғағы.

Осы әуенге
Сүйкімді баршаға тым
Сен де тыңдап құлақ қой, жар сағатым.
Әуенге арнап өлең жаз,
Ақын, сен де
Әр жолына әлеумет тамсанатын.

Бүлдіршін хор...
Ұнайды көпке неге?
Саф самал ма соғатын көктемде.
Джаз,
Бүгін мен сені тыңдамаймын,
Эстрада,
Сен де енді өкпелеме!

Мен қуанып қараймын хорға тағы,
Жүрегімде жүз ырғақ толғатады.
Айыптаймын

Әніне Біржан салдың
Бола алмаған араша Жанботаны.

Өкінемін осынау жайтқа мен де,
Өкінемін бағы сол қайтқан ерге.
Қосылындар,
Бүкіл ел балалары,
Батыр бала Болатбек айтқан әнге!

2. БЕСІК — АТА

Өлең-жырдың түрді де бар түндігін,
Айтқысы кел, атажан, алқынды ұлың
Яссауиге Мавзолей салғандардан
Сізге біткен саусақтың алтындығын.

Үйіңізге тірелді соқпағым дәл,
Ата,
Сізді мақамдап мақтағым бар.
Жинап көрсек бір полк әскер болар
Сіз жасаған бесікке жатқан ұлдар

Оралғанмын орамды жол кешіп мен,
Сіз бар ма деп аттаймын енді есіктен.
Сол бесіктен көрмеген Күнді көріп,
Жыр — сапарға аттандық сол бесіктен.

Бірі жеткен ойлы жұрт Алатауға,
Бірі кеткен қойны құт Қаратауға.
Байқоңыры секілді бір-бір үйдің
Бір-бір бесік тұрады әр отауда.

Құмартамын ауылдың қар, құмына.
Есеп емес көшесі тарлығы да.
Барлық ұлын ауылдың сүйе білем,
Бесіктесім себебі барлығы да.

Ата,
Сіздей ұрпаққа мұнша кім бай?
Қиындықтан келесіз бір шағылмай.
Сіз жасаған бесіктер бөбек үшін
Анасының екінші құрсағындай.

Сәби үшін жаралған күнгей шың ең,
Өлең-жырмен өзектес бірдей сыр ең.
Көп бесіктің иесі, Ата,
Сізді
Көп балалы Анамен бірдей сүйем!

3. СОЛ АУЫЛ

Ол да бір ордам емес пе,
Қалайын қалай толғамай?
Келелі небір кеңеске
Кең мекен болған сол маңай.

Жинайтын жырдың ырысын
Жүрегіндегі дірілмен.
Бірге алған елмен тынысын,
Тынышы кеткен бір ұл — мен.

Толғанам тоқсан осы мен
Енгенде сонау ескі үйге.
Зиялы болып өсіп ем
Зияным тимей ешкімге.

Қызарар кезім келді ме?
Қызықтырады сол бір маң.
Қызбайтыныма сенді ме,
Қызы бар үй де қондырған.

Қазанға салып дәмдісін,
Алдыма тартқан көлігін.
Сол ауыл әсем ән-құсым,
Ажырамайтын бөлігім.

Күндердің күні болғанда,
Жоғалтқан көлдей қызғышын,
Естелік туып сол маңда
Ойлай ма екен бізді шын?!

Есемін сезім — ескекті,
Кешемін күйді басқа да.
Ел еске алар не істепті
Елеусіз сол бір жас бала?

Жүз түске еніп желегі,
Сарғайған кезде атырап,
Аңсады туған терегін
Жел айдап кеткен жапырақ.

1. ҚАЙТҚАН МАЛ

Дүрліктірген күллі ауыл, күнес қырды
Бұл оқиға, әрине, тым ескірді.
Берекелі совхоздың директоры
Бес жылқыны бес жаққа үлестірді.

Бірі дөнен, апыр-ай, бірі құнап,
(Артық па екен Абсенттің түрі бұдан).
Қасқыр тісі тиместен тірсегіне
Аман шыққан қаңтардың құрығынан.

Қолхат қалды маманның қалтасында,
Қолш, сонымен бұл базар таркасын да.
Ақтаған жоқ бес жылқы ішкен суын,
Ақтаған жоқ асаған арпасын да.

Таңда бастап таласты кешке біткен,
Күн өткізіп жатты жұрт естелікпен.
Бес кеңірдек соғымнан үміт үзді,
Қалды айрылып бес шопан бес көліктен.

Заңсыз қылық заманға жараса ма?
Үлкен түгіл ойланды бала-шаға.
Жетті сонда бір арыз Ақтөбеге,
Бес жылқы үшін түсті сол арашаға.

Келді үлкен топ ауылға көп күттірген,
Жасырған жоқ жұрт жайды естіп-білген.
Директордың беделі шайқалды да
Қайтып келді бес жылқы бес түкпірден.

Қуандырып қайтқан мал қайырлы елді
Мекендеді салқын көл, сайын белді.
Су жаңа аңыз басталды ел ішінде
Бес жылқы мен бір арыз жайында енді.

...Әлгі оқиға ішінде болмасам да,
Еске түсер ел барсам, ол кашанда.
Сол бес жылқы көзіндей
Қалың жылқы
Үй сыртынан кісілер анда-санда.

Ойыл

Өлең-жыр іздеп көрсетер жұртқа нұсқаны
Соғуым осы туған мекенге ұшқалы
Өз арнасынан кетіпті әбден шегініп,
Ойылдың суы Қайыңды тұрған тұстағы.

Ұлғайта алмаспыз оны енді ақы төлеп те,
Табиғат ұқса
Айтар ем шіркін көп өкпе.
Қайыңдылықтар сең жүріп жатқан уақытта
Шақырмайды енді бульдозерлерді көмекке.

Сол сәтті күтіп несіне уақыт өткіздім,
Көзіміз көрген бұрынғы Ойыл жоқ біздің.
Вертолеттер де динамиттерін тастамас
Қақыратам деп көбесін қалың көк мұздың.

Алаңдай берем алыстағы сол ескі үнге,
Айбары қайда жететін үш күн... бес күнге?..
Қозғалмай қалды көтерем ағаш көпір де,
Ойылға енді кайық салмайды ешкім де.

«Кетуші ед бұрын тасқыны жақын үйді алып,
Бұл қалай?» — дейді қарттары елдің жиналып.
Мұңайып сонда Қайыңды тұрар,
Сиясы
Таусылып бара жатқан ақындай қиналып.

* * *

Мұхит емес, теңіз де емес, көл де емес,
Ойыл — өзен,
Терең де емес, енді емес.
Көктем келіп мұз бұзылып жатқанда
Көз алдыма сол кезеңнен келді елес.

Мөп-мөлдір су шайқалғанда көземде
Бір құпия құдіретті сезем бе?
Ойлайтын ем:

 кинодағы кемелер
Келмей жүр деп неге біздің өзенге?

Көкірекке өрісі кең өрт толып,
Тез арада жазылмайтын дерт қонып,
Үлкен кеме келсе деп ем,
Келмеді,
Қайыңдымыз кете алмады порт болып.

Ымырт түсіп, күн ұяға батарда
Қара бала қиялдамай жатар ма?!
Крузо боп көріспедім әкеммен,
Одиссей боп шыға алмадым сапарға.

Салқын самал сипағанда бетімді,
Сезімдерге берілуші ем не түрлі.
Кеме сүйреп әкелгем жоқ Ойылға
Репиннің бурлактары секілді.

Бірақ-бірақ ақыныңның өзегі
Бір махаббат құдіретін сезеді;
Теңізіне бергісіз-ау басқаның
Туған жердің титтей ғана өзені.